

## Қамқоршылық кеңесі жиналысы

### №5 хаттама

2023 ЖЫЛҒЫ 29.03.

Қамқоршылық кеңесіне қатысқандар:

1. Г.Ж. Ерханова
2. Л.Б.Түйебаева
3. Б.А.Утемуратова
4. К.Е.Мырзакулова
5. А.У.Шокпарова
6. Аленхан Күнбарша
7. Каниват Калима
8. С.С.Мадыканова
9. Л.К. Ерназарова

### Күн тәртібінде:

1. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен тамақтануын ұйымдастыру жағдайы туралы
2. Бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында «Өз баланды таны» акциясы аясында оқушылардың тұрмыстық үй-жағдайын зерделеу қорытындысы.
3. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында атқарылатын іс-шаралар туралы

### Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша, мектеп медбикесі Г.Бурибаева сөз алды.

Күнделікті дайын тағамдар мен шикі өнімдер бракераждық журналын жүргізіп келемін. 1-4 сыныптармен қатар тегін жалпы оқыту қоры есебінен аз қамтылған отбасынан шыққан 55 бала тегін тамақтанады. Оқушыларға тағамдар ыстық күйінде ұсынылады. Су ішу тәртібі де қарастырылған. Тамақтану бойынша сапаға мониторинг жүргізу комиссиясы тоқсан сайын мониторинг жүргізіп тұрады.

### Шешім:

Оқушылардың ыстық тағаммен қамтамасыз етілу сұрағы үнемі бақылауға алынсын.

Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагогы Н.Барлыбай тыңдалды, бала құқықтарының орындалуын тексеру мақсатында «Өз баланды таны» акциясы аясында сынып жетекшілер ата-аналарының рұқсатымен оқушылардың үй-жағдайларымен танысып шыққанын айтып өтті.

2023 жылдың 1-28 ақпаны аралығында «Өз балаңды таны» қалалық акциясы ұйымдастырылатын болады. Бұл акцияның мақсаты білім беру ұйымы мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастық болып табылады.

Сынып жетекшілер ата-аналардың рұқсатымен тұрмыстық жағдайын бақылау мақсатында оқушылардың үйлерін аралайды. Биылғы жылы 50 отбасы қамтылды. Алайда қолайсыз отбасылары анықталған емес.

Акция барысында сынып жетекшілері өздеріне байланыс орнату, ата-аналармен қарым-қатынастың жалпы қолайлы атмосферасы, отбасындағы тәрбие мүмкіндіктерін зерттеу, оқушыларға білім алуға ата-аналар тарапынан жасалған жағдайын зерделеу, ата-аналардың белсенді педагогикалық ұстанымын қалыптастыру, отбасының тәрбиелік әлеуетін арттыру сияқты міндеттер қойылады. 1-11 сыныптардың сынып жетекшілерімен бірлесе жұмыс жасайтын боламыз. Сынып жетекшілері аз қамтылған, әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балаларды үнемі анықтап отыру қажет деп аяқтады сөзін.

### **Шешім:**

«Өз балаңды таны» акциясы назарға алынсын.

Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.О.Біржікен сөз алды. Оқушылардың қауіпсіздігі қашанда басты назарда болуы қажет. Түрлі іс-шараларды ұйымдастыру барысында ең алдымен оқушылардың қауіпсіздігіне аса мән берген дұрыс. Оқушылардың мінез-құлықтарында өзгерістердің пайда болуы, ғаламторда көп уақыт өткізуіне жол бермеу мақсатында, мектептің қоғамдық жұмыстарына қатыстырып тұру оқушының бойына жауапкершілік сезімін ұялатып, мектеп өміріне араласуына достарымен қарым-қатынастарын нығайта түсуге ықпал етеді.

Аталған іс-шараларды ұйымдастырып оқушыларымыздың алдағы демалыс кезінде бос уақытын тиімді өткізуге ат салысайық. Ең басты мақсат әсіресе су тасқыны кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігінің алдын-алу, жазғы демалыстарын жүйелі жоспарлауға, тиімді өткізуге жағдай жасау.

Ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру қажет.


### **Шешім:**

Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі үнемі назарға алынсын.

### **Шешімі:**


Бірінші мәселе бойынша оқушылардың ыстық тағаммен қамтамасыз етілу сұрағы үнемі бақылауға алынсын. Екінші және үшінші мәселе бойынша мектеп оқушыларының тұрмыстық жағдайы, қауіпсіздігі назарға алынсын.

Жиын төрағасы:



Г.Ж. Ерханова

Хатшы:



Э.О. Біржікен

